

"ӨТМК-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 17 қыркүйек N 906. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.10.23. N 1372 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Кен-металлургия кешенін мемлекеттік реттеуді жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1287 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Өскемен титан-магний комбинатының базасында "ӨТМК-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясы (бұдан әрі - Компания) құрылсын.

2. Компания басқармасының орналасатын жері Өскемен қаласы болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

осы қаулыға тіркелген қосымшаға сәйкес мемлекеттік кәсіпорындардың, ұйымдар мен акционерлік қоғамдардың құрамында Компанияны құру жөніндегі құрылтай құжаттарының пакетін бір ай мерзім ішінде әзірлесін;

Компанияға кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін, сондай-ақ бұрын құрылып, Компанияның құрамына енген акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқығын беретін болсын.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды акцияландыру барысына қарай акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті өткеретін акциялардың пакеттерін қоспағанда, Қазақстан Республикасында 1993-1995 жылдары (II кезең) мемлекет қарамағынан алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасында белгіленген тәртіппен Компанияның иеленуі, пайдалануы және басқаруына берілсін.

4. Компания қызметінің негізгі мақсаттары мыналар деп белгіленсін:

титан, магний, цирконий және рутил бойынша өзінің шикізат базасын құру; титанды балқыту, прокаттау, құю және титан мен оның өнімдерінен бұйымдар әзірлеу жөнінде өндірістік қуаттар құру;

Қазақстанның халық шаруашылығында титанды кеңінен қолдануды ұйымдастыру, тұтыну нарығын халық тұтынатын тауарлардың жекелеген

түрлерімен және басқа өніммен молықтыру;

Компания құрамына енген кәсіпорындардың қызметін үйлестіріп, олардың қызметіне неғұрлым тиімді жағдайлар жасау;

Компания кәсіпорындарының өндірістік бағдарламаларының теңдестірілуіне, нарықтық конъюнктура мен маркетинг қызметіне талдау жасау;

өндірістік, коммерциялық, ғылыми-техникалық қызмет пен әлеуметтік салаға капиталды инвестициялау;

еншілес қоғамдар мен кәсіпорындарды қаржыландыру үшін шетелдік және отандық инвесторларды іздестіруді жүзеге асыру;

ғылыми-техникалық әзірлемелер, стандарттау, айналадағы ортаны қорғау және әлеуметтік бағдарламалар саласындағы стратегия мен тактиканы қалыптастыру;

кәсіпорындардың сыртқы экономикалық қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;

Компанияға енетін кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларын тағайындау және бекіту;

еншілес қоғамдар мен кәсіпорындардың Байқаушы кеңестерін қалыптастыру, оларға өз өкілдерін тағайындау.

5. Компания бұрын құрылған акционерлік қоғамдардың басшылығын өз орнында қалдырып, олардың Байқаушы кеңестерінің құрамына өз өкілдерін тағайындайтын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі,

"Қазақстан түсті металдары" Ұлттық акционерлік компаниясы
Компанияның қызметін қамтамасыз ету жөнінде ұйымдастыру шараларын қабылдайтын болсын.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті және оның аумақтық комитеті Өскемен титан-магний комбинатымен бірлесіп қолдағы ресурстар есебінен Компанияға қажетті қызмет үй-жайларын, техникалық құралдарды және телефон мен телекс байланысы арналарын бөлетін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 17 қыркүйектегі

N 906 қаулысына

Қосымша

"ӨТМК-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясына

кіретін акционерлік қоғамдардың, кәсіпорындар
мен ұйымдардың
Тізбесі

Өскемен титан-магний комбинаты, Өскемен қаласы

"Титансирекметкерамика" ғылыми-өндірістік аймақтық акционерлік бірлестігі,
Асубұлақ поселкесі, Шығыс Қазақстан облысы "Шоқаш" бірлескен шағын
кәсіпорны, Ақтөбе қаласы Жауапкершілігі шектеулі "Солтүстікқазгеология"
серіктестігі (Обухов кеніші), Көкшетау қаласы "Рауан" өндірістік-сауда
акционерлік фирмасы, Өскемен қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК